

Лексикалық тақырып: «Студенттік асхана және дәмхана»



Студенттік асхана және дәмхана

Француз философы Пьер Тейляр де Шарден: «Жақсы ойлау үшін, тамағың тоқ болу керек. Бір кесек нан қанша ойды өмірге әкеле алады» – десе, қазақ жазушысы Бауыржан Тойшыбаев: «Аш адамның миында асқазаны тұрады», – деген. Сондықтан адам үшін, әсіресе, оқып жүрген, студент жастар үшін **жақсы, сапалы** тамақтанудың маңызы ерекше.

Университет қызметкерлері мен білім алушыларын ыстық та қол жетімді тамақпен қамтамасыз ету үшін жарық та жайлы, өте таза 50 орындық асхана жұмыс істейді. Халық даналығы «Бақытты адамдарды көрсең, олардың аспазы кім екенін сұра» дегендей, университет асханасы білім алушылар мен ұжымның гастрономиялық қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Асханада жоғары кәсіби, тәжірибелі аспаздар жұмыс істейді. Асхана аптасына алты күн қызмет етеді, тек жексенбі күні жұмыс істемейді. Асханада күнде жаңа тағамдар ұсынылады, әртүрлі тағамдарды дайындауда әр азық-түліктің дәрумендері, калориясы міндетті түрде ескеріледі. Тамақтанушылар таңғы, түскі, кешкі өз қалаулары бойынша ас мәзірін (меню) таңдайды.

Асханада түрлі әдіспен дайындалған тағам түрлері ұсынылады: бұқтырылған, буда дайындалған, пісірілген, қуырылған және әртүрлі салат түрлері. Қандай да болмасын тағам дайындаларда қолданылатын азық-түліктің санитарлық-гигиеналық талаптары қатаң сақталады және сапасы тексеріледі. Университет асханасында аспаздардың өздері ұн тағамдарын, кулинарлық және кондитерлік тағам түрлерін, ыстық, салқын сусындарды, шырындар мен компот т.б. дайындайды.

Тағам тізімінің түрлілігі, молдығы, ас дайындаудың жоғары сапалылығы, дәмділігі, сонымен қатар өте сыпайы аспаздар университет ұжымы мен білім алушылардың көңілінен шығуда. Асхананың жұмыс уақыты кімге де болсын өте ыңғайлы: оқу басталуға жарты сағат қалғанда ашылып, жұмыс күнінің соңына дейін жұмыс істейді.

«Жақсы өмір сүру үшін жақсы тамақтану қажет», – деген екен британдық аспаз Гордон Рамзи. Университет асханасының дизайны қазіргі заман талаптарына сай сәнді және заманауи.

Асхананы студенттердің креативті аймағы деп те атауға болады, себебі бұнда білім алушылар дәмді тамақтанып қана қоймайды, сонымен қатар бір-бірімен әңгімелесіп, уақыттарын жақсы өткізулеріне болады.

Мәтінмен жұмыс:

1. Мәтінді оқып, аударыңыздар.
2. Мәтіннен сапалық сын есім мен қатыстық сын есімді теріп жазыңыз.

- 3. Модаль сөзі қолданылған сөйлемдерді жазыңыз.**
 - 4. Сөйлемдегі асты сызылған етістіктердің жасалуын түсіндіріңіз.**
 - 5. Мәтіннен біріңғай сөйлем мүшелерін теріп жазып, қай сөз табынан жазалынғанын түсіндіріңіз** *(Нужно выписать однородные члены предложения и определить от какой части речи они образованы).*
- 